

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Біз күштіміз, ептіміз

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/62876/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ашық оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Денсаулық

Білім бөлімі: Дене шынықтыру

Мақсаты:

1. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, бір қатармен жүруге, бір аяқпен және қос аяқпен секіре алуға, доға астымен жүруге жаттықтыру.

2. Бірігіп ойнауға қызығушылықтарын арттыру.

3. Көрсетілген жаттығуды жасау кезінде тепе-теңдікті сақтап, достық сезімге тәрбиелеу.

Әдіс тәсілдер: Бір қатармен жүру, секіру, түрлі қимыл қозғалыс жасау.

Көрнекі құралдар: Паравоз макеті, музыка, теледидар, секіруге арналған құралдар.

Билингвальды компонент: күн-солнце, құрт-червяк, бақа-лягушка, қоян-заяц, жылан-змея, аю-медведь, жылқы-лошадь, құс-птица.

Оқу қызмет кезеңдері

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Топқа паравоз ойыны арқылы кіру:
 Қане, кімнің бойы ұзын?
 Паравозы ол пойыздың.
 Қатар-қатар тұрайық,
 Пойызды біз құрайық.
 Ал, паравоз баста алға,
 Бәрімізді басқар да.
 Пыш - пыш, пыш-пыш, біз кеттік,
 Жүрісті тым үдеттік.
 Сәлемдесу:
 Қайырлы күн досым,
 Қайырлы күн болсын.
 Бүгінгі күн бізге,
 Сәттілікке толсын.

Балалар бірінің артына бірі паравоз әнін айтып кіреді.
 Өлең сөзін айтып, үш тілде амандасады.
 Сәлеметсізбе, здравствуйте, хэллау.

**Ұйымдастырушылық
ізденушілік**

Сапқа тұрғызу.
Жалпы дамыту жаттығулар.
Шеңбер бойы тұрғызып жалпы жаттығуларын орындатады.
Жаттығулар музыка әуеніне сәйкес жасалады.
1.Түзел тік тұр!
Орнында адымда
Әуеменен адымдауды бастаймыз,
Алға аттап нық қадамдар жасаймыз.
Оң аяқты,сол аяқты көтеріп 2рет
Қолды сермеп қашықтықты сақтаймыз.
Ия.
2.Енді басымызды тербетіп сағат тілін көрсетік.
Сағат тілі соғады оңға, солға,
Тақылдатып қағады оңға,солға. 2рет
Оятады шырылдап,
Шыр-шыр.
3.Ал енді қонжықтарша қорбаңдайық.
Қонжықтарша қорбаңдап жүреміз,
Асықпай аяқты жәй басып.
Аюларша маймандап келеміз,
Бөшкемізге бал жинап басып.
Томпаңдап жүріп бізде келеміз,
Орманнан жаңғақ көп тереміз. 2рет
Төңселеміз оңға бір, солға бір,
Жан-жаққа қарап біз келеміз.
4.Ал енді өзімізге көңілді жүріп дос табайық.
Қолыстасып, жұптасып,
Жүреміз жұптасып.
Достығымыз жарассын,
Бәрі бізге қарасын.
Лә-лә-лә.
Қ/ойын: «Қимылын көрсет»
Шарты: Кубикті жерге лақтыру арқылы қандай пішіннің ішіндегі қай жануар екіні тауып,сол жануардың қимылын жасау.
Билингвальды компонент: бақа-лягушка, қоян-заяц, жылан-змея, аю-медведь, жылқы-лошадь, құс-птица.
Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар.
Шағын топпен жүргізеді.
1.Жерде жатқан құрттағы табан іздерімен секіру көрсетіледі. Құрт-червяк.
2.Доғаның арасынан еңкейіп оң аяқты салып өту көрсетіледі.
3 Күннің шапағынан басып айнала қос аяқпен секіру көрсетіледі.
Күн- солнце
Сергіту сәті: «Бала бала балапан»
Теледидардан көру арқылы сергіту сәттері орындалады.

Балалар жаттығуды орындайды.

Ойынға жаппай қатысады.

Балалар қызығушылықпен орындайды.

Рефлексивтік-түзетушілік	Қортындылау Сұрақ-жауап жұмысын жүргізу. Тақпақ: «Спорт» Спорт деген азанда, Алады да тұрғызып. Еріншектік аз онда, Бастайды ойын бір қызық. Аязда да тоңбайсың, Ыстыққа да күймейсің, Сергектікті қолдайсың, Жалқаулықты сүймейсің, Бақыт сенен қашпайды, Өнер білген пайдалы, Спорт соның айғағы . Мадақтау: Қ/ойын: «Достық»	Балалардың жауабы. Қимыл -қозғалыспен айтады.
---------------------------------	--	--

Күтілетін нәтеже:

Нені білу керек: Берілген кедергілерден шапшаңдықпен, ептілікпен өте білу керек.

Нені игереді: Жаттығулардың жасалу ретімен

Нені білді: педагогтың тапсырмасын тыңдау, орындау белгі бойынша тоқтау белгілері.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.